



БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Жаһандану және салыстырмалы
білім беру





Салыстырмалы білім беру – бүтіндей білім беру жүйелері немесе олардың компоненттері жайлы түсінік беретін және оны зерттеуде салыстырмалы-салғастырмалы әдіснама қолданылатын ерекше зерттеу аймағы. Біз, осы тәсілдеме арқылы қол жеткізілетін мәліметтерді қолданудың күшті және қауіпті жақтарын нұсқайтын боламыз.

Салыстырмалы білім беру дегеніміз, білім беру аспектілерін салыстыру, қандай да бір ұқсастық пен айырмашылықты түсіндіріп бере алатын себептерді іздестіру деген сөз. Оны негізінен бір елдің білім беру жүйесін (немесе аспектілерін) екінші елдікімен жан-жақты салыстыру үшін қолданамыз. Арнов (2013: 9) салыстырмалы білім берудің үш бағыты бар деп есептейді.

1. Ғылыми бағыт (оны академиялық тәсіл деп те атайды) білім беру жүйесінің қалай жұмыс жасайтыны мен олардың түрлі қоғамда қалай өзара әрекетке түсетінін түсініп, ол жайлы теория құрумен айналысады.
2. Прагматикалық бағыт отандық саясат пен тәжірибені жақсарту үшін неге арқа сүйеу керектігін анықтау мақсатында басқа жүйелерді зерттейді. Прагматикалық бағытты кейде білім беруді «қарызға алу» немесе «қарызға беру» деп те атайды. Прагматикалық бағыт басқалардың жасағанын өздеріне бейімдеуден немесе сол қалпы көшіріп алудан тұрады.
3. Халықаралық білім беру - жаһандық бағыт. Арнов бұл бағыт халықаралық түсіністік пен бейбітшілікке бастайды деп есептейді. «Жаһандану үдерісі адамдардың әлемнің алыс аумақтарына қарасты деп есептелген күштердің күнделікті өмірге қалай әсер ететінін түсінуін талап ететіндіктен», салыстырмалы білім берудің маңыздылығы да арта түсуде.

Салыстырмалы білім берудегі проблемалар

Салыстырмалы білім беруді зерттеудің артықшылықтарымен қатар, түрлі елдердің білім беру жүйесін салыстыру барысында зерттеушілердің ескеруі қажет, көзге анық түспейтін мәселелер де баршылық.

Мәдени басымдық, яғни, дамыған елдің (біздің) білім беру жүйесі басқа елдерден көш ілгері деген көзқарасты қабылдау аса қауіпті, өйткені, бұл басқа елдерді артта қалған деп қабылдауға жол ашуы мүмкін. Өлсіз дамыған елдердің экономикасы мен білім беру жүйесіне араласуға мүмкіндік алған дамыған елдерді мәдени империализммен айналысты деп кінәлау жиі кездесетін құбылыс.

Сол сияқты, Ковальски (2014) де әлеуметтік-экономикалық дамуға қолдау көрсететін халықаралық тәжірибелерге зерттеу жүргізді. Ол «дамыған» елдердің «дамымаған» елдерге көрсететін қолдауы мен көмегінің ешкім күтпеген нәтижесі ретінде соңғысының донор елге бұрынғыдан да көбірек тәуелді бола түсетінін атап көрсетеді. Нгуен және басқалар (2006), жаһандық деңгейде білім беру біліктілігін дамытуға көңіл бөлетін және оқушылар мен оқытушылардың мәдени ортасын ескеретін мәдени тұрғыдан дұрыс педагогиканы дамыту қажет деп есептейді. Олардың Қытай, Вьетам, Жапония, Корея, Сингапур, Тайвань, Гонконг, Малайзия сияқты Конфуций мәдени мұрасын игерген елдерде жүргізген зерттеулері, бұрынғы батыстық топтық, дәріске негізделген білім беру әдісі әр уақытта орынды бола бермейтінін, өйткені конфуций ілімдеріне сүйенетін елдердегі білім беру жүйесі оқушылардың жоғары нәтижеге жетуіне көбірек септігін тигізетінін көрсетті.

Сондықтан, деп кеңес береді олар, мәдени ортада білім берудің күрделігін назардан тыс қалдыратын сырттан келген тәсілдерге сүйенуден гөрі, жергілікті мәдениетке сай келетін әдістемелерді сабақ беру барысында қолдану жөнінде зерттеулер жүргізу пайдалырақ.

Ғалымдар, халықаралық зерттеу нәтижелерінің кейбірін ғана тандап түсіндіретін саяси бастамаларды сынға алады. Үзіндіні оқи отырып, оның өз көзқарасын дәлелдеу үшін, салыстырмалы тәсілді қалай қолданатынына көңіл бөлу аса маңызды. Аталған салыстырулар білім жүйесін толыққанды қамтымайды, оның керекті белгілі бір бөлігін ғана салыстырып, зерттеулер жылдам жүргізіледі. Мұндай зерттеулердің сенімділігі төмен. Қазір, айналымда білім көрсеткіштері экономикалық көрсеткіштерге тікелей әсер етеді деген қауіпті пікір бар. Осы пікір аясында, экономикалық әлеуеттілікті арттыру үшін, білім саласына әсер ету керек, сонда экономика нәтижелілігі мен бәсекелестік артады делінеді. Ал экономикада қиындықтар туындағанда, білім саласын кінәлау оңай.

Салыстырмалы тестілеу

Түрлі елдердегі студенттердің жетістігін салыстыру мақсатында бірқатар ұйымдар халықаралық тестілер өткізеді. «Математика және жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру сапасын зерттеу жөніндегі Халықаралық мониторинг» (TIMSS - Trends in Mathematics and Science Stud)) математика мен



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жаһандану және салыстырмалы білім беру

ғылым бойынша АҚШ студенттерінің жетістігін басқа елдердің студенттерінің жетістігімен салыстырады. TIMSS деректері 1995 жылдан бері әр төрт жылда бір жиналып отырады, соңғысы 2015 жылы жинақталды. Қазақстан TIMSS зерттеулеріне қатысу арқылы білім сапасы жөнінде дербес қорытынды алу мен білім мазмұнын жаңарту бойынша ақпарат алуға пайдалы. Бұл зерттеулерді Білім көрсеткіштерін бағалау жөніндегі халықаралық Ассоциация (International Association for the Evaluation of Educational Achievement (IEA, www.iea.nl)) үйлестіреді. Қазақстан аталған зерттеулердің үш циклына қатысты.

PIRLS, яғни «Мәтінді оқу және түсіну сапасын зерделеу бойынша Халықаралық зерттеуі» жастардың оқу сауаттылығын халықаралық деңгейде салыстыра отырып зерттейді. PIRLS әр бес жыл сайын мониторинг жүргізеді. 2001 жылы алғашқы халықаралық зерттеуі жүргізілді. 50 мемлекетті қамтыған соңғы зерттеу 2011 жылы жүргізілді. PIRLS зерттеулері АҚШ-тағы төртінші сынып деңгейіне сай келетін жастағы балалардың оқу тәжірибесі мен жетістігін тексереді (Англияда – бесінші сынып). Зерттеу оқу сауаттылығын жазбаша тексеруден және оқу сауаттылығын дамытуға байланысты факторлар жөніндегі сауалнамадан тұрады. Зерттеуді IEA (International Association for the Evaluation of Educational Achievement) білім беру жетістіктерін бағалау жөніндегі Халықаралық қауымдастығы өткізеді. 2016 жылы зерттеуге Қазақстан тұңғыш рет атсалысты. Қазақстанның атынан 172 мектептің 4925 төртінші сынып оқушысы, бастауыш сыныптардың 234 мұғалімі, 4325 ата-ана және 172 мектеп директоры қатысты. Зерттеу нәтижелеріне үңілсек, отандық білім берудің төмендегі негізгі проблемаларын көрсетіп берген:

1. Оқушылардың түрлі мәтіндер мазмұнын түсінуі мен өзіндік ойлау қабілеттерінің жеткіліксіздігі;
2. Оқушылардың математикалық құзыреттілігін сипаттайтын тәжірибелік дағдылардың жеткіліксіздігі;
3. Күнделікті өмірдегі жағдайларды түсіндіруге арналған жаратылыстану-ғылыми түсініктерді қолдану дағдыларының, алған ақпараттарды сын тұрғысынан бағалаудың, болжамдар жасау мен өз көзқарасын негіздеу деңгейінің жеткіліксіздігі.

Жалпы, бұл мониторингтің нәтижесінде алдыңғы қатарда тұрған елдер – Гонконг, Ресей Федерациясы, Финляндия және Сингапур.

PISA (Program for International Student Assessment) халықаралық зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын Адам дамуының индексі көрсеткіштерінің бірі. PISA зерттеуінің мақсаты - әлемдік деңгейде салыстырылатын әр мемлекеттің оқыту нәтижелері жөніндегі сенімді мәліметтерін алып саралау болса, негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау және оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру, ал оқушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз – әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесе отырып, үнемі білімін жетілдіруі.

Бұл зерттеу оқушылардың білімдерін 3 бағытта (математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы) бағалайды. Қазақстан PISA зерттеуіне 2009 жылдан бері қатысып келеді. 2009 және 2012 жылдар нәтижесін салыстырсақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы PISA-2012 екінші кезеңінің қорытындысында математика және жаратылыстану бағыттарындағы қазақстандық білім алушылар нәтижелерінің +27 және +25 ұпайларға жақсарғанын атап өткен. Ал 2015 жылы зерттеуге 71 мемлекет арасынан Қазақстан атынан 7 842 15-жастағы білім алушылар қатысты.

Еліміздің халықаралық зерттеулерге қатысуы не береді?

- Білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформалауға;
- Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігімен бірігуіне;
- Білім беру мазмұнын жаңартуға, білім беру сапасын бақылаудың қазақстандық жүйесін құруға;
- Ұлттық кадрлардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.
- Оқытушыларға қатысты жүргізілетін салыстырмалы зерттеулер

Жоғарыда атап өткен салыстырмалы тестілеулер, өзіміз байқағандай, оқушылар білімінің мониторингіне қатысты жүргізіледі. Сонымен бірге оқытушыларға қатысты жүргізілетін салыстырмалы мониторинг зерттеулері де бар. Айталық, TALIS (Teaching and Learning International Survey), Оқыту және үйрету туралы халықаралық зерттеу.

TALIS – мұғалімдердің қызметін, жұмыс жағдайын және мектептегі білім беру ортасын бағалайтын ең ірі халықаралық зерттеу. Зерттеу мақсаты – қатысушы елдерге оқыту мен білім беруге тиімді жағдай жасау



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жаһандану және салыстырмалы білім беру

үшін білім саясатын қайта қарастыруға және дамытудың жаңа бастамаларын анықтау мақсатында шынайы, уақтылы мен салыстырмалы деректерді ұсыну. Зерттеу мектеп директоры мен мұғалімдердің пікірін ұлттық және халықаралық деңгейде білдіруге мүмкіндік береді. Жобаның үйлестірушісі - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ). Білім және ғылым министрлігінің «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ TALIS зерттеуінің Қазақстандағы ұлттық үйлестірушісі. Қазақстан бойынша зерттеу апробациясына кездейсоқ түрде іріктелген 30 мектеп директоры және 600 мұғалім қатысты. Негізгі зерттеу 2018 жылғы сәуірде 200 мектеп директоры және 4000 мұғалімнің қатысуымен өткізілді. Зерттеудің 2019 жылғы маусымда жарияланатын нәтижелері TALIS-тың өткен кезеңдеріне қатысқан көптеген елдердегі сынды, еліміздің педагогикалық корпусының мәртебесін көтеруге үлес қосуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Оқытушылар мен оқушыларға қатысты халықаралық салыстырмалы зерттеулерден өзге ересектердің күзiреттiлiктерiн де зерттейтiн халықаралық салыстырмалы тестiлеу жүйелерi бар. Мысалы, Адам не iстеуге қабiлеттi болуын, ол қандай дағдыларды меңгеру керек екенiн, олар заманауи өмiрдiң талаптарына сәйкес келетiнiн немесе келмейтiнiн түсiнуге бағытталған PIAAC (Programme for the International Assessment of Adult Competences) зерттеуiн айтсақ болады. Зерттеудiң мақсаты - аталған күзiреттiлiктердi өлшеу, зерттеу және салыстыру.

Жобаны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) үйлестiредi және Консорциум жүзеге асырады, оның құрамына бiлiм саласындағы жетекшi халықаралық ұйымдар кiредi (Westat, сApStAn, ROA, GESIS, DIPF, IEA).

Бiлiм беру жүйелерi мен тәжiрибелерiн салыстыру мәдени контекстi түсiне отырып жасалған жағдайда ғана пайдалы болмақ. Ал, мұндай зерттеуге көп уақыт қажет және ол ыждаһатпен iске асырылуы тиiс. Оутс (2011) бiрнеше елдiң ұлттық оқу жоспарын салыстыра отырып, бiр елдiң «саясатын жай ғана қарызға алуға» өзiнiң қарсы екенiн бiлдiредi. Ол басқалардың жетiстiгiн зерттеуде қырағылық таныту қажет және мұндай қырағылық «өз жүйемiздi де жiтi зерттеуге» мүмкiндiк бередi деп есептейдi (2011: 137). «Жылдам шешiм табу» қазiргi технологиялық даму жағдайында аса маңыздылыққа ие болып отырғанына қарамастан, жүйелердiң қалай жұмыс жасайтынын және қоғаммен қалай әрекеттесетiнiн түсiну аса маңызды.

Терминдер

Прагматика - семантика мен тiл бiлiмiндегi тiлдiк таңбалардың қызметiн зерттейтiн саласы.

Компаративистика – салыстырмалы-салғастырмалы талдау тәсiлi

Сұрақтар:

1. Салыстырмалы бiлiм беру бағытындағы зерттеулердiң мақсаттары қандай?
2. Бiлiм беру салаларында салыстырмалы зерттеу жүргiзгенде және зерттеу нәтижелерiн пайдаланғанда қандай факторларға абай болуы керек?
3. Қазақстан бiлiм саласындағы қандай салыстырмалы зерттеулерге қатысты және қандай мақсатпен?